

1 қазан  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

# ОЙЫЛ

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## КҮРЕ ЖОЛ «МҰРАТҚА» ҚАШАН ЖЕТКІЗЕДІ?



Ойыл халқы үшін соңғы жылдары жолдың «жыры» қайта жаңғырды. Ойылдың үш жыл қатарынан арнасына асуы – бізді тағы да «жол азабын жүрген біледі» деп мәтелдеуге мәжбүрледі. Тақырыптағы сұрақтың тікелей қойылуы да түсінікті шығар. Өне-міне дегенше, күздің алғашқы айы да аяқталды. Аудандағы ең күрделі құрылыс көптің құрылысына түсіністікпен қарап отырмыз. Өрине, әзірге! Уақытша көпір арқылы жолмен қыста қатынаудың қиындығын айтпағанда, жазда жаңбыр жауса-ақ «тар жол, тайғақ кешудің» күнін

кештік. Сондықтан, өткен ғасырда өмір бойы күре жолдың үстінде көрген бейнетімізбен қайта қауышамыз ба деген қауіп бар! Барлық жерде жұмыс басталды. Бірақ, баяу! «Мен қауіп еткеннен айтамын» деп ақын Мұрат Мөңкеұлы айтпақшы, күн өткен сайын кейбір жұмыстардың қарқынына «қарнымыз ашып», қауіміз күшейе бастады! Мәселен, бір ғана Саралжын ауылының қасындағы көпірдің екі бетіндегі жұмысты жаз бойы жасап жатыр. Өлі аяқталған жоқ. Ондағы жұмыс енді қарқын алды. «Ойыл – Қаратал» жолындағы жөндеу жұмысының да қарқы-

ны күн қысқарғасын күшейе бастаған сияқты. Қыркүйек айы туғасын Қаңқайдың үстіндегі жолға жөндеу басталды. Бес шақырым жолдың күрделі жөндеуін жүргізіп жатқан «Kaspien Bitum» ЖШС-інің өкілдері қазіргі таңда жолдың астыңғы қабатын төсеу толық аяқталғанын айтады. Сондықтан, жеңіл көліктерге жолдың үстімен жүруге мүмкіндік беріп отыр. Жүк көліктері бұрынғыша айналма жолмен жүріп жатыр. Айналма жол демекші, оның жайын айтып, «Ашынғаннан шығады ащы даусым» деген жол азабын көрген жүргізушінің жа-

найқайын өзирге еститін ешкім болмай тұр! Көптің мұңы - шұңқырға айналған жолдың ішіндегі майлы топырақ борағанда алдында не келе жатқанын білмейсің! Мердігерлер осы қазан айының ортасында бес шақырым жолды толық аяқтаймыз деп отыр. Ал, бізде сөзге сенуден басқа амал жоқ! Күздің бірінші айы бітті. Бұдан былай ауа-райы бізге де, жолды жөндеп жатқандарға да қолайлы бола бермейтіні белгілі. Күре жол бізді «мұратқа» қашан жеткізеді?

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,  
Ойыл селпосы.

## КӨП КӘСІПКЕРДІҢ САУАЛЫ - АУДАНДАҒЫ ЖОЛ ҚАТЫНАСЫ



«Атамекен» кәсіпкерлер палатасын «Кәсіпкерлер мен биліктің арасындағы дәнекер» десе, кешегі Ойыл ауданында өткен жиын соның айқын дәлелі сияқты болды.


Яғни, аудандық кәсіпкерлік палатаның ұйытқы болуымен Ойыл ауданының прокуроры Ақеділ Усенов аудандағы кәсіпкерлік субъектілерімен кездесу өткізді. Кәсіпкерлік жүйелі мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын талқылауды көздеген жиынға аудан әкімінің орынбасары Нұржау Тұрғамбеков пен аудандық кәсіпкерлік және ауыл-

шаруашылығы, аудандық жер қатынастары бөлімінің, аудандық мемлекеттік кірістер, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері мен аудан кәсіпкерлері қатысты. Жиынға қатысқан аудан кәсіпкерлері өздерін толғандырған сұрақтары мен талап-тілектерін жеткізсе, оның ішінде көп сауал ортақ мәселе – аудандағы жол қатынасына қатысты болды. Кездесу барысында кәсіпкерлерді толғандырған сұрақтар талқыланып, олар заң талаптары бойынша түсіндірілді.

## ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ МҮШЕЛЕРІ АЭС САЛУДЫҢ МАНЫЗЫН ТҮСІНДІРУДЕ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың түсіндіру жұмысы жалғасуда. Көшелерде белсенділер ақпараттық материалдар іліп, тұрғындарды референдум күні дауыс беруге шақыруда. Ойылда халықтық штаб құрылды. Штабта барлығы 25 адам бар. Оның ішінде 3 саяси партия өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары - «Ауыл партиясы», «КХ партиясы», «AMANAT» партиясының өкілдері және қоғамдық ұйымдар өкілдері бар. Қазақстанда АЭС салуды халық арасында түсіндіру мақсатында алдын-ала жоспар құрылды, желілік кесте жасақтандырылды. Желілік кестеге сәйкес барлығы 44 шара қамтылды. Бүгінгі күнге дейін 34 шара өтті. Саралап қарайтын болсақ, халықпен кездесу - 7, еңбек ұжымдарымен кездесу - 20, экспорт кездесу -2, студенттермен кездесу -1, ауыл ақсақалдарымен кездесу-1,

ауыл жастарымен кездесу-1, кәсіпкерлермен кездесу -2. Барлығы 1240 ауыл халқы қамтылды. Кезекті түсіндіру жұмысы өткен аптада Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымында өтті. Кездесу барысында Қазақстанда АЭС салудың өзектілігі, еліміздің энергетика саласын дамытуда және болашақта энергожетіспеушілік тәуекелінің алдын алуда қолға алынып жатқан бірегей жоба екендігі айтылды. Штаб мүшелері мұндай ауқымды шараны қолға алмастан бұрын жан-жақты және түбегейлі ғылыми зерттеулер жасалғандығын, еліміздің осы саладағы потенциалын, бірінші орында халықтың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға тигізер әсерін зерделеу бойынша жасалынған сараптамаларды халыққа жеткізді. Тыңдаушылар таралынан қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, ұсыныс-пікірлері назарға алынды.



## ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ — МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ КЕҢЕСШІСІ



Өткен сәрсенбі Ақтөбе облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Серік Әбденов іссапар барысымен ауданға келді. Аудан әкімдігінде өткен кездесуге мекеме басшылары мен мемлекеттік қызметшілер, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Кездесуге төрағалық еткен аудан әкімі Асқар Қазыбаев әдеп жөніндегі уәкілді таныстырып, еркін сұхбат құруға шақырды. Кездесу барысында мемлекеттік қызметте әдеп нормаларының сақталуы, қызметтік міндеттерін орындауда жауапкершілік, мемлекеттік қызмет туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

туралы заңнамаларды сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік қызметшілердің жалпы әдеби жайында, нақтырақ айтсақ, қараша халықпен ортақ тіл табыса білу, азаматтардың мәселесіне ден қоя отырып, оларды шешудің тиімді жолдары жайына тоқталды, сондай-ақ Әдеп жөніндегі уәкіл заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияның алдын алу бойынша, мемлекеттік қызметшілердің ойын мекемесіне барудан бас тарту туралы маңызды мәселеге тоқталды. Кездесу соңынан Әдеп жөніндегі уәкіл жеке қабылдау жүргізді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## «ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫ» - СҮЙЕСІН ТІЛЕУМАҒАМБЕТҰЛЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ, «ЛЕНИН», «ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ», «ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» ОРДЕНДЕРІНІҢ ИЕГЕРІ СҮЙЕСІН ТІЛЕУМАҒАМБЕТҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 130 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХИ МУЗЕЙІ «ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫ» АТТЫ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТКІЗДІ.



«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен кештің шымылдығын аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ашты.

- Соғыс жылдарында және одан кейінгі алмағайып заманда елді қиындықтан шығу жолында аянбай еңбек еткен азамат Сүйесін атамыз. Күнкөрісі малға қараған Қарай ауылын өркендетуге өзінің ұйымдастырушылық пен еңбекқорлығының арқасында елге еңбегі сіңді. Талай таңды ат үстінде атырып, дамыл таппай маңдай терін сыпырып жүріп елге қызмет етті. Атамыздың еңбек жолы бүгінгі жастарға үлгі - деді Асқар Қазыбаев. Шығармашылық кешке Сүйесін атамыз, Демеу атамыз,

Еңсеген атамыздың балалары, немере-шөберелері қатысып атамыздың өрелі өмір жолдарынан сыр шертіп, естеліктерімен бөлісті. Ата даңқын, туыс даңқын жоғары ұстап, алдыңғы ағамыз ізін жалғастыру – ізгілік пен кішіпейілдіктің көрінісі. Аға буын салған сара жолды ауыл шаруашылығында жалғастырған бауыры Қамидолла Еңсегенұлы. Сүйесін атамыздың ізбасары болған бауыры бірқатар естеліктермен бөлісіп, атамыздың ашық-жарқын мінезі мен кісілігін, халық алдындағы абырой, беделі жөнінде айтып өтті. Танымдық кеште ата жолын жалғашушы немерелері өннен шашу шашып, Сүйесін атамыздың рухына құрмет көрсетті.

## ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕР ЕНДІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ӨЗ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ МҮЛКІ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА АЛА АЛАДЫ



Кәмелетке толмаған балалардың, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған азаматтардың заңды өкілдері енді eGov.kz порталының көмегімен жылжымайтын мүлік бар екені және оған тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама ала алады. Бұл қызмет жылжымайтын мүлік туралы мәліметтерді алу процесін едәуір жеңілдетеді және оларды әртүрлі санаттағы азаматтар үшін едәуір

қолжетімді етеді. Мемлекеттік қызмет енді үшінші тұлғаларға, атап айтқанда 18 жасқа толмаған баланың (оның ішінде қорғаншылық пен қамқоршылықтағы) қамқоршыларына және әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған тұлғалардың заңды өкілдеріне қолжетімді. 6-нысан бойынша анықтама өтініш берушінің атында жылжымайтын мүліктің бар немесе жоқ екенін растайды,

ал 2-нысан бойынша анықтама объектіге меншік құқығы және тыйым салу немесе кепіл сияқты ауыртпалықтардың болуы туралы мәліметтерді қамтиды. Бұл мәліметтер жылжымайтын мүлік мәмілелері, кредит алу, тұрғын үй бағдарламаларына қатысу және басқалар сияқты әртүрлі заңды және әкімшілік процедуралар үшін қажет. Заңды өкілдер анықтамаларды алу үшін: - eGov.kz порталында автори-

зация жасауы және «Жылжымайтын мүлік» – «Сатып алу, сату, жалға алу» бөліміне өтуі; - қажетті қызметті таңдауы: «Ф-6 анықтамасы (жылжымайтын мүліктің бар екені туралы)» немесе «Ф-2 анықтамасы (ауыртпалықтардың, кепілдің, жылжымайтын мүлікке тыйым салудың жоқ екені туралы)»; - «Қызметті алу» тармағында «Балаға (18 жасқа дейін, оның ішінде қорғаншылық пен қамқоршылықтағы)» немесе «Заңды өкілге (әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толғандарға)» таңдауы; - қажетті өрістерді толтыруы; - өтінімге қолжетімді әдістердің бірімен қол қоюы қажет. Пайдаланушы қызметтің нәтижесімен Жеке кабинетке өту арқылы таныса алады. Қызмет ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды. **Жайнагул Сейдахметова, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ойыл аудандық сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ «Ақтөбе облысындағы Ойыл ауданындағы Ойыл өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялау» жұмыс жобасына РҚБЖ бойынша жария талқылаулар өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>. Жария талқылаулар 11.10.2024 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Проектсервис» ЖШС, БСН 070240003995 Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, Жария тыңдаулар өткізу кезінде, сондай-ақ e-mail бойынша жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін суратуға болады: [proekt\\_krg@mail.ru](mailto:proekt_krg@mail.ru) және телефондарға 8(7212) 214616; 87021830793

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Уилский районный отдел архитектуры, строительства жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» проводит публичные обсуждения по РООС к рабочему проекту «Реконструкция моста через реку Уил в Уилском районе в Актюбинской области» С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>. Публичные обсуждения состоятся с 11.10.2024г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

Все замечания и предложения принимаются в эти дни на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются. Разработчик проектной документации ТОО «Проектсервис», БИН 070240003995 Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: [proekt\\_krg@mail.ru](mailto:proekt_krg@mail.ru) и телефонам 8(7212)214616; 87021830793

## ҚАЗАҚСТАН БҰҰ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ ДАМУ РЕЙТИНГІСІНДЕ ӨЗ ПОЗИЦИЯСЫН ЕДӘУІР ЖАҚСАРТЫП, 193-ТЕҢ 24-ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН 4 ОРЫНҒА ЖОҒАРЫ КӨТЕРІЛІП, UN GLOBAL E-GOVERNMENT DEVELOPMENT INDEX ЖАҢАНДЫҚ РЕЙТИНГІДЕ 193-ТЕҢ 24-ШІ ОРЫНДЫ, СОНДАЙ-АҚ ТЕҢІЗГЕ ШЫҒА АЛМАЙТЫН ДАМУШЫ ЕЛДЕР АРАСЫНДА БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ. БҰҰ САРАПШЫЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ЖӨІР СУРУ САПАСЫН АРТТЫРУҢҰШІ ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР САРАПШЫЛАР EGOV ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫН, СОНДАЙ-АҚ «ҰАТ» АҚ ОПЕРАТОРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН E-LICENSE ЖӘНЕ SMART DATA UKIMET ЖОБАЛАРЫН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТТІ.


E-Government Survey 2024 есебінің деректеріне сәйкес, электрондық үкіметті дамыту бойынша көшбасшылардың бірінші үштігіне сәйкесінше 1, 2 және 3 позицияларда орналасқан Дания, Эстония және Сингапур кірді. Қазақстан рейтингінде Швейцария мен Түркия сияқты елдерден озып кетті. Бұл БҰҰ рейтингісіне қатысу тарихындағы Қазақстанның үздік көрсеткіштерінің бірі. Жарияланған есептің қорытындысы бойынша Қазақстанның негізгі нәтижелері: •Қазақстан цифрлық үкіметтің даму индексі өте жоғары елдер тобында (E-Government Development Index) және 193 елдің ішінде 24-ші орында. Қазақстаннан кейін рейтингіде Уругвай (25-ші орын), Швейцария (26-шы орын), Түркия (27-ші орын), Франция (34-ші орын), Қытай (35-ші орын), Канада (47-ші орын) орналасты. 2022 жылы Қазақстан осы рейтингіде 28-ші орынды иеленгенін айта кету керек. •Қазақстан әлемдік рейтинг көшбасшылары – Оңтүстік Корея, Дания және Эстониямен қатар

онлайн-қызметтер индексі (OSI) бойынша 10-шы орынды иеленді. Ол сондай-ақ Қытай, Германия және Австралиядан озып, осы саладағы алдыңғы қатарлы елдердің қатарына кірді. •Қазақстан Ресей Федерациясынан (43-орын), Армениядан (48-орын), Өзбекстаннан (63-орын) және Өзірбайжаннан (74-орын) озып, ТМД елдері арасында көшбасшылықты жалғастырады. •Қазақстан EGD1 0.9009 индексімен теңізге шыға алмайтын елдер арасында 1-ші орында. Одан кейін Моңғолия, Армения және Өзбекстан. •Қазақстан телекоммуникациялық инфрақұрылым индексі (ТИ) бойынша өз позициясын едәуір жақсартып, 23 позицияға көтеріліп, 41-ші орынға ие болды. Сондай-ақ, есепте Қазақстан цифрлық инфрақұрылымға белсенді инвестициялау және жандандырылған, блокчейн және Заттар интернеті (IoT) сияқты озық технологияларды енгізу арқылы цифрлық трансформация саласында айтарлықтай прогреске қол жеткізгенін атап өтілді. Бұл бастамалар мемлекеттік қызметтерді басқару мен көрсетуі

түбегейлі өзгертті, соның ішінде E-License және Smart Data Ukimet сияқты шешімдердің арқасында бұл оларды қолжетімді және ашық етті. БҰҰ электрондық үкіметінің даму деңгейі бойынша елдердің рейтингісі бар («The United Nations E-Government Survey: e-Government for the People») екенін естеріңізге сала кетейік, ол 193 елдегі ұлттық мемлекеттік құрылымдардың азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудағы дайындығы мен мүмкіндіктерін бағалайды. Зерттеу әртүрлі елдердегі электрондық үкіметтің даму деңгейі туралы деректерді, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың АКТ пайдалану тенденцияларын жүйелі бағалауды қамтиды. БҰҰ 2 жылда бір рет электрондық үкіметтің (e-Government Development Index) даму деңгейі бойынша әлем елдерінің зерттеулерін және оларға ілесіп рейтингісін жариялайды. **Жайнагул Сейдахметова, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

## БАПАЛАР МЕН ҚАБІЛЕТІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАМҚОРШЫЛАРЫ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ӨЗ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫ ЕМХАНАҒА ТІРКЕУ АПАДЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ФУНКЦИОНАЛЫН КЕҢЕЙТУ ҚАМҚОРШЫЛАРҒА БАЛАЛАРЫН ЖӘНЕ ОН СЕГІЗ ЖАСТАН АСҚАН ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТСІЗ АДАМДАРДЫ ЕМХАНАЛАРҒА ТІРКЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ТӨСЛІ ӘРТҮРЛІ САНАТТАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА ОҢ ӨСЕР ЕТЕДІ.



Бұрын бала кезінен мүгедектігі бар баланың заңды өкілдері бапаларын емханаға тікелей жүргізгенде ғана тіркеу алатын. Процедура өтініш берушінің жеке қатысуын ғана емес, сонымен бірге қамқоршылықты немесе қорғаншылықты растайтын сот шешімін немесе басқа құжатты ұсынуы талап ететін. Жаңартылған мемлекеттік қызмет көмегімен қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілері және балаға немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға қамқорлық жасап, білім беру, тәрбиелеу және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да адамдар өздерінің қамқорлығындағы тұлғаларды емханаға өтініш бере алады.

Көрсетілетін қызметті алу үшін пайдаланушыға: - eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Емханаға тіркелу» қызметін таңдау қажет; - өтініш берушінің санатын: «Балаға (18 жасқа дейін, оның ішінде қорғаншылық пен қамқоршылықтағы)» немесе «Заңды өкілге (әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толғандарға)» таңдау керек; - аймақ пен ауданды, емхананы, тіркеу себепін (көшу немесе еркін тіркеу), емдеуші дәрігерді таңдап, сонымен қатар көрсетілетін медициналық ұйымды ауыстыруға болады. Тіркеу науқанының нәтижелері бойынша пациент келесі жылдың басынан бастап қызмет ала алады. **Жайнагул Сейдахметова, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

Қызметтің нәтижесімен пайдаланушы өтінімді тікелей медициналық ұйымның қарауынан кейін Жеке кабинетінде таныса алады. Қызметті тек тұрғылықты жері өзгерген жағдайда ғана емес, сонымен қатар жылына бір реттен жиі емес бір әкімшілік-аумақтық бірлік шеңберінде медициналық ұйымды ауыстырғыңыз келсе де пайдалануға болады. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін өтетін тіркеу науқанының аясында медициналық ұйымды ауыстыруға болады. Тіркеу науқанының нәтижелері бойынша пациент келесі жылдың басынан бастап қызмет ала алады. **Жайнагул Сейдахметова, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

## ҚАЗАҚСТАН ЗНАЧИТЕЛЬНО УЛУЧШИЛ СВОИ ПОЗИЦИИ В РЕЙТИНГЕ РАЗВИТИЯ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА ООН, ЗАНЯВ 24 МЕСТО ИЗ 193

КАЗАХСТАН ПОДНЯЛСЯ НА 4 СТРОЧКИ ВВЕРХ И ЗАНЯЛ 24-Е МЕСТО ИЗ 193 В ГЛОБАЛЬНОМ РЕЙТИНГЕ UN GLOBAL E-GOVERNMENT DEVELOPMENT INDEX, А ТАКЖЕ ПЕРВОЕ МЕСТО СРЕДИ РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАН, НЕ ИМЕЮЩИХ ДОСТУПА К МОРЮ. ЭКСПЕРТЫ ООН ВЫСОКО ОЦЕНИЛИ ЭФФЕКТИВНОСТЬ КАЗАХСТАНСКОГО ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ. ТАКЖЕ ЭКСПЕРТЫ ОСОБО ОТМЕТИЛИ ПОРТАЛ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА EGOV, А ТАКЖЕ ПРОЕКТЫ E-LICENSE И SMART DATA UKIMET, ОПЕРАТОРАМИ КОТОРЫХ ЯВЛЯЕТСЯ АО «НИТ».

Согласно данным отчета E-Government Survey 2024, в первую тройку лидеров по развитию электронного правительства вошли Дания, Эстония и Сингапур, которые расположились на 1, 2 и 3 позиции соответственно. Казахстан опередил в рейтинге такие страны, как Швейцария и Турция. Это один из лучших показателей Казахстана за всю историю участия в рейтинге ООН. Основные результаты Казахстана по итогам опубликованного отчета следующие: •Казахстан находится в группе стран с очень высоким индексом развития цифрового правительства (E-Government Development Index) и занимает 24-е место среди 193 стран. Следом за Казахстаном в рейтинге расположились Уругвай (25-е место), Швейцария (26-е место), Турция (27-е место), Франция (34-е место), Китай (35-е место), Канада (47-е место). Стоит отметить, что в 2022 году Казахстан занимал 28-е место в данном рейтинге. •Казахстан занял 10-е место по индексу онлайн-услуг (OSI), наряду с лидерами мирового рей-

тинга — Южной Корея, Данией и Эстонией. Он также вошел в число передовых стран в этой области, опередив Китай, Германию и Австралию. •Казахстан продолжает лидировать среди стран СНГ, опережая Российскую Федерацию (43-е место), Армению (48-е место), Узбекистан (63-е место) и Азербайджан (74-е место). •Казахстан занимает 1-е место среди стран, не имеющих выхода к морю, с индексом EGD1 0.9009. За ним следуют Монголия, Армения и Узбекистан. •Казахстан значительно улучшил свои позиции по индексу телекоммуникационной инфраструктуры (ТИ), поднявшись на 23 позиции и заняв 41-е место. В отчете также отмечено, что Казахстан достиг значительного прогресса в области цифровой трансформации, активно инвестируя в цифровую инфраструктуру и внедряя передовые технологии и внедряя передовые технологии и внедряя передовые технологии (IoT). Эти инициативы кардинально изменили управление и оказание государственных

услуг, делая их более доступными и прозрачными, в том числе благодаря таким решениям, как E-License и Smart Data Ukimet. Напомним, что существует рейтинг стран по уровню развития электронного правительства ООН («The United Nations E-Government Survey: E-Government for the People»), который оценивает готовность и возможности национальных государственных структур в 193 странах в использовании информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) для предоставления гражданам государственных услуг. Исследование содержит данные об уровне развития электронного правительства в различных странах, а также системную оценку тенденций в использовании ИКТ государственными структурами. ООН публикует исследование и сопровождает их рейтинг стран мира по уровню развития электронного правительства (E-Government Development Index) раз в 2 года. **Жайнагул Сейдахметова, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

## ОПЕКУНЫ ДЕТЕЙ И НЕДЕЕСПОСОБНЫХ ГРАЖДАН МОГУТ ПРИКРЕПИТЬ СВОИХ ПОДОПЕЧНЫХ К ПОЛИКЛИНИКЕ С ПОМОЩЬЮ ПОРТАЛА EGOV.KZ

РАСШИРЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛА ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ ПОЗВОЛЯЕТ ОПЕКУНАМ ДЕТЕЙ И НЕДЕЕСПОСОБНЫХ ЛИЦ СТАРШЕ ВОСЕМНАДЦАТИ ЛЕТ ПРИКРЕПЛЯТЬ СВОИХ ПОДОПЕЧНЫХ К ПОЛИКЛИНИКАМ. ИНКЛЮЗИВНЫЙ ПОДХОД К ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ЦИФРОВЫХ ГОСУСЛУГ ПОЛОЖИТЕЛЬНО ВЛИЯЕТ НА ЗАЩИТУ СОЦИАЛЬНЫХ ПРАВ РАЗЛИЧНЫХ КАТЕГОРИЙ ГРАЖДАН, ВКЛЮЧАЯ ЛЮДЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ.

Ранее законные представители ребенка с инвалидностью с детства могли прикрепить детей только обратившись непосредственно в саму поликлинику. Процедура требовала не только личного присутствия заявителя, но и предоставления решения суда, либо иного документа, подтверждающего опекунство или попечительство. С запуском обновленной государственной услуги «Прикрепление к поликлинике», патронатные воспитатели и другие лица, осуществляющие заботу, образование, воспитание и защиту прав и интересов ребенка или лица, признанного недееспособным, могут подать заявку подопечных всего в несколько кликов. Для получения услуги пользователю необходимо: - авторизоваться на порта-

ле eGov.kz и перейти в раздел «Здравоохранение», затем выбрать услугу «Прикрепление к поликлинике»; - выбрать категорию заявителя из двух вариантов: «Законный представитель (на недееспособных или ограниченно дееспособных совершеннолетних)» или «На ребенка (до 18 лет, в том числе находящегося под опекой и попечительством)»; - выбрать из списка регион и район проживания, поликлинику, причину прикрепления (переезд или свободное прикрепление), лечащего врача, а также можно отредактировать отображаемый адрес и контактный телефон; - заполнить необходимые поля и подписать заявку с помощью ЭЦП/QRCode или с sms-подтверждением.

Ознакомиться с результатом услуги пользователь может в Личном кабинете после рассмотрения заявки непосредственно самой медицинской организацией. Услугой можно воспользоваться не только в случае изменения места жительства, но и при желании сменить медицинскую организацию прикрепления до 1 ноября текущего года. По результатам кампании прикрепления пациент сможет получить услуги с начала нового года. **Жайнагул Сейдахметова, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**



**ЖӘРМӨНКЕДЕ 60 БОС ЖҰМЫС ОРНЫ ҰСЫНЫЛДЫ**  
КЕШЕ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА АУДАНДЫҚ «МАНСАП» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕҢБЕК КҮНІНЕ ОРАЙ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖӘРМӨНКЕСІ ӨТТІ.



Тұрғындарға жұмыс ұсынылып, көптеген әлеуметтік бағдарламалар жайлы түсіндірілді. Одан бөлек шарада әлеуметтік бағдарламалар аясында грант пен несие алған кәсіпкерлер өз өнімдерін таныстырды.

«Мансап» орталығының басшысы Дәурен Бисебаев жұмысқа орналасу бойынша бірқатар бағдарламаларды атап өтті. Соның ішінде жастар тәжірибесі бойынша көп жастарымыз жұмысқа орналасқанын атап өтті.

Жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру ба-рысында қолдау көрсетіп орталықтың шараларына белсене қатысып жүрген аудандық қорғаныс істері бөлімі, аудандық ветеринария стан-

сасы, жеке кәсіпкер Берік Берекенов, Гүлжамал Әліп облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуовтің Алғыс хатымен марапатталды.

- Мен мансап орталығының мамандарының кеңесімен мемлекеттен қайтарымсыз грант алып балалар ойын-сауық алаңын аштым. Менің басты мақсатым - балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Осы орайда ауданның мансап орталығының қызметкерлеріне алғыс білдіремін. Осы ойын алаңын ашам деген сәттен бағыт-бағдар беріп қолдау көрсетті, - дейді жеке кәсіпкер Гүлжиһан Тұрғаналиева.

Жәрмөнкеде 60-қа жуық бос жұмыс орыны ұсынылды.

Г.БАБАЙҚЫЗЫ.

**АДАМ АЗАМАТ - АДАМ ЕҢБЕК**

**АБЫРОЙ СЫЙЛАҒАН - АДАМ ЕҢБЕК**  
ЕҢБЕК – АДАМ ӨМІРІНІҢ НЕГІЗІ, ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ КӨЗІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ БАСУДЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ. ОСЫ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА, “ЕҢБЕК АДАМЫ” ДЕГЕН ҰҒЫМ ЕЛ ДАМУЫНА, ӨЗ ІСІНЕ ЖАН-ТӘНІМЕН БЕРІЛІП, КӨП ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОҒАМ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАҒАН ТҰЛҒАНЫ СИПАТТАЙДЫ. ОСЫНДАЙ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ БІРІ – ЕРБОЛАТ ҚОНАЕВ.



Ерболат Қонаев 1962 жылы Құрман совхозы, Шибұлақ ауылында дүниеге келген. 1983-1984 жылдары Алматы қаласындағы СПТУ колледжінде электромонтер мамандығы бойынша оқып, 8 айлық курсты тәмамдады. Мамандығын игергеннен кейін туған ауылына оралып, еңбек жолын бастады. Сол кезден бастап еңбекке ерте араласып, өзінің туған жерінің электр жүйелерін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келеді. Ерболат ағамыздың өмір жолы қарапайым еңбек адамының үлгісі ретінде үлкен құрметке лайық. 1984 жылдан бастап, яғни тура 40 жыл бойы Ойыл ауданындағы “Энергосистема” ЖШС-нің электр жүйелерінде электромонтер болып абыройлы еңбек етіп келеді.

Оның еңбегі тек электр сымдарын жалғап, ауыл тұрғындарын жарықпен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар қоғамның ілгері басуына қосқан зор үлес болып табылады. Электр энергиясы – қазіргі заманда өмірдің негізі, ал оны қамтамасыз ететін электромонтерлардың еңбегі көбіне елеусіз қалатыны рас. Еңбек адамының қадірін білген қоғам, әрине, Ерболат Қорбанұлының еңбегін де лайықты бағалады.

Оның аудан, облыс әкімдіктерінен, мекеме басшылығынан алған Алғыс хаттары мен мақтау грамоталары – оның күнделікті жұмысына деген адалдығының айқын дәлелі. Еңбегі бағаланған азаматтың жетістіктері тек мекеме мен жергілікті басқару органдарының деңгейінде шектел-

мейді. Ел Президентінің Жарлығымен үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. Бұл марапат – оның еңбегінің ел көлемінде мойындалғанының белгісі. Ерболат Қонаевтың көпжылдық еңбегі арқылы жастарға көрсетер үлгісі мол. Ол өзінің еңбегі арқылы жастарға қарапайым, бірақ адал еңбек пен жауапкершілік арқылы үлкен құрметке ие болуға болатынын дәлелдейді. Электромонтер мамандығының қиындығы мен қауіптілігі қатар жүреді. Кейіпкеріміз өз өмірін энергетика саласына арнап, талай қиындықтарды бастан өткерді. Бұл салада уақытпен санаспай, кез келген ауа райында – желдің екпініне, аяздың ызғарына қарамастан жұмыс істеуге тура келеді. Әсіресе, ақауларды жөндеу, электр желілерін қалпына келтіру кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет, өйткені жұмыстың кез келген қателігі адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Ерболат ағамыз еңбек жолындағы талай жылдық тәжірибесі оның өз ісінің шебері, энергетика саласының ардагері екенін дәлелдейді. Ол қиындықтарға қарамастан, ауылын жарықпен қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салып келеді. Осындай қажырлы еңбектің арқасында тек ауыл тұрғындарының құрметіне ғана емес, бүкіл қоғамның алғысына да ие болды. Оның 40 жылдық еңбек өтілі – тек қана сан емес, бұл уақыт ішіндегі талай қиындықтарды, ауырталықтарды өңсеріп, өз мамандығына деген адалдығын көрсететін үлкен көрсеткіш. Күннің ыстығы мен суығында, талай күрделі жағдайларда ауыл тұрғындарының өмірін жарықпен қамтамасыз ету үшін күш-жігерін аяған жоқ. Бұл – нағыз еңбек адамының үлгісі және өмір жолы бізге әрбір мамандықтың қадірін түсінуге, әрбір істің өз орны мен маңызы бар екенін ұғынуға, өзіміздің еңбек жолымызға жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл селосы.

**АСТАНАДАҒЫ ОЙЫНҒА АТ САЛЫСТЫ**

8-13 ҚЫРКҮЙЕК КҮНДЕРІ ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫНДА 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ АЯСЫНДА АПТА БОЙЫ 21 СПОРТ ТҮРІНЕН САЙЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ДҮБІРЛІ ДОДАҒА 89 МЕМЛЕКЕТТЕН 2500-ГЕ ЖУЫҚ СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ.



Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тоғызқұмалақ бөлімінің жаттықтырушысы Нұрлан Арихов 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысып, ұйымдастыру ісінде көрсеткен көмек-қолдауы үшін Астана қаласының ұйымдастыру бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Ақтөбе облысының атынан әкімдіктің таңдауымен 10 елші, 1 батыр 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына бардық. Әр облыстан келген делегация этно ауылдарда ұйымдастырушылардың берген тапсырмаларын орындап, көмек-қолдау көрсеттік», - дейді Нұрлан арнайы тілдескенде.

**ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ - ҰЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ**

Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, өткен жылы беру маусымында 2024 жылдың қаңтар айының 18 күні ауданымызда улы газбен (угарный газ) 1 жағдай тіркелді. Амангелді ауылының тұрғыны жолдасыммен және 5 баласымен бірге уланып, аудандық ауруханаға жатқызылды. Уландың басты себебі тұрғын үйдегі жылыту пеші жүйесінде жарықтардың болуынан және пеш мұржасының бітелуінен орын алды.

Қазіргі таңда ауданымызда 2024-2025 жылдардағы жылы беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Атап айтсақ, халықтың осал топтағы тізімі құрылып, 94 тұрғын үйі есепке алынды. Аталған тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында көптеген өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құбыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген, тоқ желілері жанғыш материалдың үстімен жүргізілген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңізді табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ кезіне қосып, қалыпты жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз.

Сондықтан, осы кезде уландың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиісіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен

**БОЛАШАҚ ҰРПАҚ**



Келер күннің бар үмітін арқалап, Жаңа тыныс, жаңа буын жарар бүр! Күллі қазақ, Еуропа мен шартарап, Әлем таныр, жас ұрпақты қалап жүр! Бар байлық та, болашақ та, арман да, Келешекке саған үлкен бастама! Берген барлық мүмкіндікті қолдан да, Оны дамыт, сен де үйрет басқаға! Сен де дамы, әлем сонда өзгерер, Заман керуен, өз көшіне ілес дер! Өзгергенді құлақ естір, көз көрер, Керегіңді ал, бұл майданнан күрескер. Тас түнекті жарып шығар нұры бар, Ата-баба бар сенімі ақталар.

Мағжан, Ахмет, Міржақыптай ұлылар Ізін жалғар келешекпен мақтанар. Елмен, ұлтпен, өз халқымен жараса, Атқан әр таң жақсылықтың анасы. Болашақпен бүршік атқан таласа Қайырлы таң, қазағымның баласы! **Айжаным ТӨЛЕГЕНОВА, Төректі негізгі мектебінің 9-сынып оқушысы.**

**АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕУ ҮШІН...**



Тұмау – бұл жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін инфекциялық ауру, ауа – тамшы жолымен таралады. Тұмаудың негізгі инфекция түрлері - науқас адам. Жөтелу, түшкіру және тыныс алу кезінде науқас адам айналасындағыларға инфекцияны жұқтырады. Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тыныс алу жолына түсуіне жол бермеу үшін қолдарды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзегін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке тарту - тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді.

2. Әлсіздік, дене сырқырауы, басталатын аурудың алғашқы белгілері болуы мүмкін. 3. Мұрын бітелуі, түшкіру, тамақтың жиі жыбырлауы – аурудың жиі кездесетін алғашқы белгілері. 4. Бірнеше күннен кейін мұрынның ағуы, жөтел пайда болады. Бірте-бірте жөтел ылғалды бөліп қақырық шыға бастайды. Тұмауға қарсы тиімді әдіс – вакцинация. Өз уақытында вакцинациялану тұмауға бірнеше рет шалдығуды азайтады, аурудың ұзақтығын қысқартады және асқинулардың алдын алады. Вакцинациядан басқа, ағзаны қорғаныс артыру ұсынылады: дене шынықтырумен айналысу, дұрыс тамақтану, демалу және витаминді –минералды кешендерді пайдалану. Сондай-ақ, тұмауға ұқсас симптомдары бар адамдармен тығыз байланыста болмау, бөлмені жиі желдету, шамадан тыс тоңу және қызып кетуден аулақ болу.

Тұмаумен ауырған кезде, үйде қалыңдәрігерді шақырту керек. Отбасының басқа мүшелерімен барынша байланысқа ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау өзін білінбейді. Инкубация кезеңінен кейін аурудың көріністері пайда болады: 1. Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші сағаттарына пайда болады. Қатты қызба, температура 40°С-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

**«ОНЕГЕЛІ ОТБАСЫ»**

**АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**  
«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТЕТІН «ОНЕГЕЛІ ОТБАСЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ БАЙҚАУЫНА ҮЛГІЛІ ОТБАСЫ ӨКІЛДЕРІН ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ! БАЙҚАУҒА ОТБАСЫЛАР ӨЗІН-ӨЗІ ҰСЫНУ ЖОЛЫМЕН ҚАТЫСА АЛАДЫ.

**ІС-ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ:**  
•Қоғамдағы үлгілі отбасы институтының жаңа имиджін насихаттау;

•Дәстүрлі отбасы құндылықтарының өнегелі үлгісін дәріптеу; • Жаңа Қазақстандық отбасы мәртебесін арттыру.

Байқаудың шарттары:

- Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең бойынша отбасы жайлы жазылған 1,5 беттен артық емес мәлімет (егер бар болса отбасы мүшесінің еңбегіне, спорттық, шығармашылық жетістіктерін растайтын құжат көшірмелерін) жіберуі керек.
- Отбасылық фотосуреттер (электрондық нұсқасымен 6 данадан аспауы керек)
- Отбасы туралы бейнеролик (ұзақтығы 2 немесе 3 минут таныстыру).

Құжаттар ruhani.jangiru.17@bk.ru электронды почтасына 2024 жылдың қазан айының 31-не дейін қабылданады.

**Байқаудың жүлде қоры:**  
Бас жүлде 1 млн теңге

1 орын - 700 (жетіжүз) мың теңге  
2 орын - 500 (бес жүз) мың теңге  
3 орын - 300 (үшжүз) мың теңге

**Байқау қатысушылары иеленеді:**

- Арнайытағайындалған «ОНЕГЕЛІ ОТБАСЫ» төсбелгісі
- Төсбелгіні куәлендіретін КУӨЛІК
- «ОНЕГЕЛІ ОТБАСЫ» статустықасы
- Дәрежелі диплом беріледі.

Байқаудың марапаттау рәсімі Астана қаласында конференция түрінде өтеді. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға, байқау жеңімпаздарына жіберіледі. Қорытынды конференцияда байқау жеңімпаздарын елімізге еңбегі сіңген тұлғалар «Өнегелі отбасы» төсбелгісімен, дипломдармен, қаржылай және бағалы сыйлықтармен марапаттайды.

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/>  
Электронды почта: [ruhani.jangiru.17@bk.ru](mailto:ruhani.jangiru.17@bk.ru)

Инстаграм парақшасы: @bilim\_orkenieti  
Ұйымдастыру алқасы: +7 747 628 8054, +7 702 986 6405

**ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ЖҰМЫСПЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУІ ҚАЖЕТ**

Қатысушылардың тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Қызмет орны атауы, лауазымы	
Байқау атауы	«ОНЕГЕЛІ ОТБАСЫ»
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¼ фотолары	